

"Құрғақ порттар" туралы үкіметаралық келісімге қосылу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1043 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Құрғақ порттар» туралы үкіметаралық келісімге қосылсын.
2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысын Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Құрғақ порттар» туралы үкіметаралық келісімге қосылатыны туралы хабардар етсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

К.Мәсімов



政府间陆港协定

Intergovernmental Agreement on Dry Ports

«Құрғақ порттар» туралы
үкіметаралық келісім



«ҚҰРҒАҚ ПОРТТАР» ТУРАЛЫ
ҮКІМЕТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ

о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Анықтама

«Құрғақ порттар» туралы үкіметаралық келісімнің («Келісім») мақсаттары үшін халықаралық маңызы бар «Құрғақ порт» («Құрғақ порт») көліктің бір немесе одан да көп түрлерімен қосылған логистикалық орталығы бар, өңдеуге, уақытша сақтауға арналған және заңда халықаралық сауда процесінде тасымалданатын жүктерді қарап тексеруді және қолданылатын кедендік бақылау функциялар мен формальдылықтарды жасауды көздейтін ел аумағы ішіндегі орынды білдіреді.

2-бап

«Құрғақ порттарды» идентификациялау

Тараптар осымен халықаралық интеграцияланған интермодальді көліктік-логистикалық жүйеде маңызды буындарды үйлестіре дамыту үшін негіз ретінде осы Келісімге 1-қосымшаға енгізілген «Құрғақ порттар» тізбесін бекітеді. Тараптар бұл «Құрғақ порттарды» өздерінің ұлттық бағдарламалары шеңберінде және ұлттық заңдары мен қағидаларына сәйкес дамытуға ниет білдіреді.

3-бап

«Құрғақ порттарды» дамыту

Келісімге I қосымшада көрсетілген «Құрғақ порттар» Келісімге II қосымшада жазылған «Құрғақ порттарды» дамыту және пайдалану жөніндегі басшылық қағидаттарымен сәйкестікке келтіріледі.

4-бап

Келісімге қол қою, оны ратификациялау, қабылдау, бекіту және оған қосылу

1. Келісім 2013 жылғы 7 қарашадан бастап 8 қараша аралығында Бангкокта, Тайландта және кейіннен Біріккен Ұлттар Ұйымының Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде 2013 жылғы 11 қарашадан бастап 2014 жылғы 31 желтоқсан аралығында Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия және Тынық мұхитқа арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының мүшелері болып табылатын мемлекеттердің қол қоюы үшін а ш ы қ .

2. Келісім оған қол қойған мемлекеттердің ратификациялауына, қабылдауына немесе бекітуіне жатады .

3. Келісім Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия және Тынық мұхитқа арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының мүшелері болып табылатын, оған қол қоймаған мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

4. Келісімді ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу туралы құжаттар тиісті нысанда және тиісті тәртіппен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

5-бап

Күшіне енуі

1. Келісімді ратификациялау, қабылдау және бекіту және оған қосылу туралы сегізінші құжат Келісімнің 4-бабының 4-тармағына сәйкес сақтауға тапсырылған күннен кейін отызыншы күні Келісім күшіне енеді.

2. Келісімді ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу туралы өзінің құжатын сақтауға тапсыратын әрбір мемлекетке қатысты Келісімді ратификациялау, қабылдау және бекіту немесе оған қосылу туралы сегізінші құжат сақтауға тапсырылған күннен кейін Келісім осы мемлекет үшін осы құжатты сақтауға тапсырған күннен кейін отыз (30) күн өткен соң күшіне енеді.

6-бап

«Құрғақ порттар» жөніндегі жұмыс тобы

1. «Құрғақ порттар» жөніндегі жұмыс тобын Келісімді іске асыруға байланысты мәселелерді қарау және ұсынылып отырған түзетулерді қарау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия және Тынық мұхитқа арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясы бекітеді. Барлық мемлекеттер – Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия және Тынық мұхитқа арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының мүшелері Жұмыс тобының мүшелері болып табылады.

2. Жұмыс тобы өзінің кеңестерін екі жылда бір рет өткізеді. Кез келген Тарап, хатшылықты хабардар ету арқылы да Жұмыс тобының арнайы кеңесін шақыру туралы өтінішпен жүгіне алады. Хатшылық жұмыс тобының барлық мүшелерін келіп түскен өтініш туралы хабардар етеді және хатшылық хабардар еткен сәттен бастап төрт (4) ай ішінде Тараптардың кемінде үштен бірі осы өтінішпен өзінің келісетіні туралы хабарлаған болса, Жұмыс тобының арнайы кеңесін шақырады.

7-бап

Келісімнің негізгі мәтініне түзетулер енгізу рәсімі

1. Келісімнің негізгі мәтініне түзетулер осы бапта белгіленген тәртіппен енгізіледі.

2. Осы Келісімге түзетулерді кез келген Тарап ұсынуы мүмкін.

3. Хатшылық ұсынылып отырған кез келген түзетудің мәтінін Жұмыс тобының барлық мүшелеріне оны бекіту болжанатын Жұмыс тобының кеңесіне дейін кемінде қырық бес (45) күн бұрын жібереді.

4. Түзету Жұмыс тобының кеңесіне қатысып отырған және дауыс беретін Келісім Тараптарының үштен екі көпшілігімен бекітіледі. Бекітілгеннен кейін түзетуді хатшылық Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жібереді, ол түзетуді қабылдау үшін барлық Тараптар арасында таратады.

5. Осы баптың 4-тармағына сәйкес бекітілген түзету, түзетуді бекіту сәтінде Келісімнің Тараптары болып табылатын мемлекеттер санының үштен екі көпшілігі оны қабылдағаннан кейін отыз күннен соң күшіне енеді. Түзету, осы түзетуді қабылдамағандарды қоспағанда, барлық Тараптарға қатысты күшіне енеді. Осы тармаққа сәйкес бекітілген түзетуді қабылдамайтын кез келген Тарап кейіннен кез келген уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына осындай түзету қабылданғаны туралы құжатты сақтауға бере алады. Бұл мемлекет үшін түзету айтылған құжатты сақтауға берген күннен кейін отыз (30) күн ішінде күшіне енеді.

8-бап

I қосымшаға түзетулер енгізу рәсімі

1. Келісімге I қосымшаға түзетулер осы бапта белгіленген тәртіппен енгізіледі.

2. Түзетулерді ұсынылып отырған түзету нысаны аумағына жататын кез келген Т а р а п ұ с ы н а д ы .

3. Кез келген ұсынылып отырған түзетудің мәтінін хатшылық Жұмыс тобының барлық мүшелеріне осы бекіту болжанатын Жұмыс тобының кеңесіне дейін кемінде қырық бес (45) күн ішінде жолдайды.

4. Ұсынылып отырған түзету, егер ұсынылып отырған түзету субъектісі аумағына жататын Тарап Жұмыс тобының кеңесінде ол қаралғаннан кейін тиісті ұсынысты қайталап растаған жағдайда, қабылданған болып есептеледі. Түзету бекітілгеннен кейін түзету Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жіберіледі, ол оны барлық Тараптар а р а с ы н д а т а р а т а д ы .

5. Осы баптың 4-тармағына сәйкес бекітілген түзету Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы циркулярлық хабарламаны жолдаған күннен бастап қырық бес (45) күн өткен соң қабылданған болып есептеледі және барлық Тараптар үшін күшіне енеді.

9-бап

II қосымшаға түзетулер енгізу рәсімі

1. Келісімге II қосымшаға түзетулер осы бапта белгіленген тәртіппен енгізіледі.

2. Түзетулерді кез келген Тарап ұсынуы мүмкін.

3. Кез келген ұсынылып отырған түзетудің мәтінін хатшылық Жұмыс тобының

барлық мүшелеріне осы бекіту болжанатын Жұмыс тобының кеңесіне кемінде қырық бес (45) күн ішінде жолдайды.

4. Түзету Жұмыс тобының кеңесіне қатысып отырған және дауыс беретін Келісім Тараптары санының үштен екі көпшілігімен бекітіледі. Бекітілгеннен кейін түзетуді хатшылық Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жібереді, ол оны барлық Тараптар арасында таратады.

5. Осы баптың 4-тармағына сәйкес бекітілген түзету, егер хабарлама жолданған күннен бастап тоқсан (90) күн ішінде Тараптардың үштен бірінен кемі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысын осы түзетуге қарсы өзінің қарсылығы туралы хабардар еткен болса, қабылданған болып есептеледі.

6. Осы баптың 5-тармағына сәйкес қабылданған түзету барлық Тараптар үшін осы баптың 5-тармағында көрсетілген тоқсан (90) күн кезеңі өткен соң отыз (30) күн ішінде күшіне енеді.

10-бап

Ескертулер

Келісімнің 13-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Келісімнің ережелерінің кез келгеніне қатысты ескертулерге жол берілмейді.

11-бап

Келісімнен шығу

Кез келген Тарап Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының атына жазбаша хабарлама жолдау арқылы Келісімнен шығуға құқылы. Келісімнен шығу Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осындай хабарламаны алған күннен бастап он екі (12) ай ішінде күшіне енеді.

12-бап

Қолданылуды тоқтата тұру

Егер қатысушы Тараптар саны қатарынан соңғы он екі (12) ай ішіндегі кез келген кезеңде сегізден (8) кем болса, Келісімнің қолданылуы тоқтатыла тұрады. Келісім ережелерінің қолданысы қатысушы Тараптардың саны сегізге (8) жеткеннен кейін отыз (30) күн өткен соң қалпына келтіріледі. Мұндай жағдайларда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Келісім Тараптарын хабардар етеді.

13-бап

Дауларды реттеу

1. Екі немесе одан көп Тарап арасында Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты келіссөздер немесе консультациялар арқылы шешілуі мүмкін емес кез келген дау осы Тараптардың кез келгенінің өтініші бойынша дауласушы Тараптардың өзара келісімі бойынша сайланған бір немесе бірнеше делдалға шешу үшін беріледі. Егер дауды шешу туралы өтініш берілген күннен бастап тоқсан (90) күн ішінде дауласушы Тараптар делдалды немесе делдалдарды таңдауға қатысты келісімге келмесе, осы Тараптардың кез келгені Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына дау шешілуге берілетін бірыңғай тәуелсіз делдалды тағайындау туралы өтінішпен жүгінуі мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес тағайындалған делдалдың немесе делдалдардың ұсынымының міндетті күші болмайды, алайда Тараптардың келіспеушілікті қайта қарау үшін негіз болады.

3. Араларында дау туындаған Тараптар делдалдың немесе делдалдардың ұсынымын міндетті күші бар ретінде алдын ала қабылдауы мүмкін.

4. Осы баптың 1, 2 және 3-тармақтары дауласушы Тараптар өзара келіскен дауларды реттеудің басқа да мүмкін болатын шараларын болдырмайтындай етіп түсіндірілмейді.

5. Кез келген мемлекет өзінің ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаттарын сақтауға тапсыру кезінде осы баптың татулыққа қатысты ережелерінің міндеттемелерінен өзін босататыны туралы ескерту жасауға құқылы. Осы баптың татулыққа қатысты ережесі басқа Тараптарды да осындай ескерту жасаған кез келген Тарапқа қатысты міндеттемейді.

14-бап

Қолданудағы шектеулер

1. Келісімнің ешбір ережесі қандай да бір Тарапқа Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес келетін және өзінің сыртқы немесе ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ол қажетті деп есептейтін ахуалмен шектелетін шаралар қабылдауға кедергі келтіретіндей түсіндірілмейді.

2. Әрбір Тарап ұлттық заңдары мен қағидаларына сәйкес «Құрғақ порттарды» дамыту үшін Келісімге сәйкес келетін қандай да бір дәрежеде мүмкін боларлық барлық күш-жігерін жұмсайды. Алайда осы Келісімнің ешбір ережесі қандай да бір Тараптың өзінің аумағы арқылы жүк тасымалына рұқсат беру міндеттемесін қабылдауы ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

15-бап

Қосымша

Келісімге I және II қосымшалар Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

16-бап

Хатшылық

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхитқа арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясын Келісімнің хатшылығы тағайындайды.

17-бап

Депозитарий

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Келісімнің депозитарийі болып табылады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН төменде қол қойған тиісті түрде уәкілеттік берілгендер осы Келісімге бір данада ағылшын, қытай және орыс тілдерінде қол қойды әрі Келісімнің барлық үш мәтіні бірдей деңгейде төлнұсқа болып табылады.

I қосымша

Халықаралық маңызы бар «Құрғақ порттар»

1. «Құрғақ порттар», әдетте: а) елдің ішкі аумағында орналасқан астаналарға, провинциялар/штаттар астаналарына және/немесе б) қажет жағдайларда Азиялық автомобиль жолдарын және/немесе Трансазиялық теміржолдарды қоса алғанда, тасжолға және теміржолға тиісті түрде қол жеткізу арқылы қазіргі және/немесе әлеуетті өндіріс пен тұтыну орталықтарына жақын орналасқан жерлерде болады.

2. «Құрғақ порттар» басқа «Құрғақ порттармен», шекаралық пункттермен/кедендік бақылау жерүсті бекеттерімен/кешенді бақылау-өткізу пункттерімен, теңіз порттарымен, ішкі су жолдары терминалдарымен және/немесе әуежайлармен көліктік қатынаста болады.

3. «Құрғақ порттар» төменде көрсетілген.

4. «Құрғақ порттың» атауы оның орналасқан жерімен немесе жақын елді мекеннің/қаланың атауымен бірге көрсетіледі.

5. Әлеуетті «Құрғақ порттар» тік бұрышты жақшалардың ішінде көрсетілген.

«Құрғақ порттардың» тізбесі

Ауғанстан	
Хакина, Мимана	Хайратан «құрғақ порты», Мазар-и-Шариф
Ислам Кала, Герат	Кабул «құрғақ порты», Кабул
Ширхан Бандер «Құрғақ порты», Кондоз	Спинболдак Шаман «Құрғақ порты», Кандагар
Торкгам «Құрғақ порты», Джелалабад	Тургунди, Герат
Армения	
Ахурьян логистика орталығы	
Гюмри әуежайы	

Кармир-Блур/Апавен жүк терминалы	
Звартнотс халықаралық логистика орталығы	
Әзербайжан	
Гейдар Алиев атындағы халықаралық әуежайдың Баку жүк терминалы, Баку	
Балакан жүк терминалы, әзербайжан-грузин шекарасы	
Билясуварлық жүк терминалы, әзербайжан-иран шекарасы	
Габала халықаралық әуежайы, Габала	Гянджа халықаралық әуежайы, Гянджа
Гейдар Алиев атындағы халықаралық әуежай, Баку	
Джульфа жүк терминалы, әзербайжан-иран шекарасы	
Ленкорань халықаралық әуежайы, Ленкорань	
Нахичевань халықаралық әуежайы, Нахичевань Автономиялық Республикасы	
«Жібек жолы» жүк терминалы, Баку	Закатала халықаралық әуежайы, Закатала
[Баку қалалық сауда станциясы, Хырдалан]	
[Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пунктіндегі жүк терминалы, Самур]	
[Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пунктіндегі жүк терминалы, Сыныг-Корпю]	
[Баку халықаралық теңіз сауда порттарындағы контейнерлік терминал, Баку]	
[Гянджа станциясы, Гянджа]	
[Халықаралық логистикалық орталық, Алят] [Кешла станциясы, Баку]	
[Жаңа Баку халықаралық теңіз сауда порты, Алят]	
[Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пунктіндегі Оңтүстік терминалы (Астара)]	
[Сумгаит станциясы, Сумгаит]	
Бангладеш	
Ахаура, Брахманбария	Бенаполе, Джессоре
Бибирбазар, Комилла	Буримари, Лалмонирхат
Хили, Динажпур	Камлапура ішкі кедендік қоймасы, Дакка
Сонамасджид, Чапай Навабганж	Текнаф, Кокс Базар
[Бангладбандх, Панчагарх]	[Бхомра, Сатхира]
[Билониа, Фени]	[Дхирасрама ішкі кедендік қоймасы, Гаджипур]
[Гобракура, Мыменсингх]	[Корайтали, Мыменсингх]
[Накугао, Шерпур]	[Рамгарх, Кхаграчари]
[Тамабил, Силхет]	
Бутан	
Фуентшолинг «Құрғақ порты», Фуентшолинг	[Гелепху, Сарпанг]
[Гомту, Самце]	[Нганглам, Самдрупджонкхар]
[Самдрупджонкхар, Самдрупджонкхар]	[Самце, Самце]
Камбоджа	
СWT «Құрғақ порты», Пномпень	Олейр дүниежүзілік «Құрғақ порты», Пномпень
Пномпень халықаралық порты, Пномпень	
Пномпеннің арнайы экономикалық аймағы, Пномпень	
Со Нгуон «Құрғақ порты», Бавет	Тех Сран «Құрғақ порты», Пномпень
Тен Лай «Құрғақ порты», Пномпень	
Қытай	

Чанчунь Лунсин Бондтық халықаралық логистикалық порты, Синлун	Эренхот оңтүстік халықаралық логистикалық орталығы, Эренхот
Харбин автомагистральдық тораптық жүк станциясы (Харбин Лунюнь логистикалық паркі, Харбин)	Көліктік-логистикалық парк, Хэкоу порты, Хэкоу
Хоргос халықаралық логистикалық паркі, Хоргос	Хуньчунь халықаралық логистикалық паркі, Хуньчунь
Цзинхун Мэнян халықаралық логистикалық сауда орталығы, Цзинхун	Каши халықаралық логистикалық паркі, Каши
Тенжун халықаралық жер үсті порты, Куньмин	Манжули жаңа халықаралық жүк паркі, Манжули
Бондтық логистикалық орталық, Наньнин	Писян (Юи Куан) шекаралық сауда логистикалық орталығы
Жуйли жүк орталығы, Жуйли	Суйфэньхэ жүк орталығы, Суйфэньхэ
Синьцзян теміржол халықаралық логистикалық паркі, Үрімші	Иу ішкі порттық станциясы, Иу
Қоймалық логистикалық сауда орталығы, Жангму порты, Жангму	
Грузия	
Поти еркін өнеркәсіп аймағы, Поти	[Тбилиси халықаралық логистикалық орталығы, Тбилиси]
Үндістан	
Ажни, Нагпур, Махараштра	Амингаон, Гувахати, Ассам
Ароор, Керала	Баллабгарх, Фаридабад, Хариана
Бадохи, Сэнт Равидас Нагар, Варанаси, Уттар-Прадеш	
Багат Ки Коти, Джодпур, Раджастан	Чехрета, Амритсар, Панджаб
Дадри, Ноида, Уттар-Прадеш	Давлатабад, Аврангабад, Махараштра
Дандарикалан, Панджаб	Даннад Рау, Индоре, Мадхья-Прадеш
Дронагири Ноде, Нави Мумбай, Махараштра	Дургапур, Батыс Бенгал
Гархи Харсару, Гургаон, Хариана	Иругур, Коимбаторе, Тамилнад
Джамшедпур, Джарханд	Джанори, Насик, Махараштра
Канакпура, Джайпур, Раджастан	Канпур, Уттар-Прадеш
Ходияр, Гуджарат	Лони, Газиабад, Уттар-Прадеш
Маджерат, Калькутта, Батыс Бенгал	Мандидип, Бхопал, Мадхья-Прадеш
Морадабад, Уттар-Прадеш	Патли, Гургаон, Хариана
Питампур, Дар, Мадхья-Прадеш	Райпур, Чаттисгарх
Сахин, Сураат, Гуджарат	Санатнагар, Хайдерабад, Андра- Прадеш
Сеневал, Лудьяана, Панджаб	Тондиарпет, Ченнай, Тамилнад
Туглакабад, Дели	Вадодара, Гуджарат
Уайтфилд, Бангалор, Карнатака	
Индонезия	
Гедебаге «Құрғақ порты», Бандунг	Сикаранг «Құрғақ порты», Бекаси
Иран (Ислам Республикасы)	
Имам Хомейни атындағы халықаралық әуежай, Тегеран провинциясы	
Мотяхари теміржол станциясы, Мешхед, Хорасан-Резави провинциясы	
Салафчеган арнайы экономикалық аймағы, Кум провинциясы	
Сирджан арнайы экономикалық аймағы, Керман провинциясы	

[Арванд еркін өнеркәсіптік аймағы, Хузестан провинциясы]	
[Сахлан арнайы экономикалық аймағы, Табриз, Шығыс Әзербайжан провинциясы]	
[Сарахс арнайы экономикалық аймағы, Хорасан-Резави провинциясы]	
[Шахид Дастгейб халықаралық әуежайы, Шираз, Фарс провинциясы]	
[Захедан логистика орталығы, Систан және Белуджистан провинциясы]	
Қазақстан	
Ақтөбе көліктік-логистикалық орталығы, Ақтөбе	«Даму» индустриялық-логистикалық орталығы, Алматы
[Хай Тек Лоджистикс, Алматы облысы]	
[«Қорғас» шекара маңындағы ынтымақтастық халықаралық орталығы, Алматы облысы]	
[Тау терминалы, Алматы облысы]	
Қырғызстан	
Аламедин, Бішкек	Ош станциясы, Ош
Лаос Халық-Демократиялық Республикасы	
Тханаленг, Вьентьян	[Хуэйсай, Бокео]
[Лаксао, Борикхамсай]	[Луангпрабанг, Луангпрабанг]
[Натею, Луангнамтха]	[Удомсай, Муангсай]
[Паксе, Чампасак]	[Сено, Саваннакхет]
[Тахек, Каммоуане]	
Малайзия	
Контена Насиональ ішкі кедендік қоймасы, Насиональ, Прай	Ішкі контейнерлік қойма, Паданг Бесар
Сери Сетия ішкі кедендік қоймасы, Куала-Лумпур	
Ипох жүк терминалы, Ипох	Нилай ішкі порты, Нилай
Тебеду ішкі порты, Саравак	[Пулау Себанг ішкі қоймасы, Пулау Себанг]
Моңғолия	
Алтанбулаг	Сайншанд
Улан-Батор	Замын-Уудэ
[Чойбалсан]	
Мьянма	
[Баго]	[Мандалай]
[Мавламыин]	[Монива]
[Муз]	[Пья]
[Таму]	[Янгон]
Непал	
Бхайрахава ішкі кедендік қоймасы, Бхайрахава	Биратнагар ішкі кедендік қоймасы, Биратнагар
Биргандж ішкі кедендік қоймасы, Биргандж	Какарбхитта ішкі кедендік қоймасы, Какарбхитта
[Татопани ішкі кедендік қоймасы, Ларча]	
Пәкістан	
Кедендік «Құрғақ порт», Хайдарабад	Кедендік «Құрғақ порт», Пешавар
Файсалабад «Құрғақ порты» траст компаниясы, Файсалабад	Лахор «Құрғақ порты», Мугалпура
Маргалла «Құрғақ порттары», Исламабад	Мултан «Құрғақ порты» траст компаниясы, Мултан
Контейнерлік жүк станциясының ұлттық логистика орталығы, Лахор	

«Құрғақ порт» ұлттық логистикалық орталығы, Кветта	Пәкістан теміржолдары Прем-Нагар «Құрғақ порты», Кусар
Теміржол «Құрғақ порты», Кветта	Самбриал «Құрғақ порты», Силкот
«Жібек жолы» Құрғақ порты», Сост, Гилгит, Балтистан	
Филиппины	
Кларк, Анжелес, Пампанга, Лузон	Давао Сити, Шығыс Минданао
Коронадал, Оңтүстік Котабатто	
Лагуиндинган, Шығыс Мисамис, Солтүстік Минданао	
Замбоанга Сити, Батыс Минданао	
Корея Республикасы	
Ыйвана ішкі контейнерлік депосы, Ыйван	
Ресей Федерациясы	
Янино логистикалық паркі, Ленинград облысы	
«Ростов әмбебап порты» мультимодальді логистикалық кешені, Ростов облысы	
«Балтық» терминалды логистикалық орталығы, Ленинград облысы	
«Клещиха» терминалды логистикалық орталығы, Новосібір	
«Доскино» терминалды логистикалық орталығы, Нижний Новгород	
[Дмитров мультимодальді орталығы, Мәскеу облысы]	
[Калининград]	[Казан]
[«Оңтүстік Приморск өлкесі терминалы» мультимодальді логистика кешені, Приморск өлкесі]	
[Свияжск мультимодальді логистикалық орталық, Татарстан]	
[Усурийсктің «Приморье» терминалды логистика орталығы, Приморск өлкесі]	
«Таманский» терминалды логистика орталығы, Краснодар өлкесі]	
[«Белый Раст» терминалды логистика орталығы, Мәскеу облысы]	
[Волгоград]	[Екатеринбург]
Шри-Ланка	
[Пельягода, Коломбо]	[Телангапата, Коломбо]
Тәжікстан	
Душанбе, Душанбе	Карамык, Джиргитал
Худжанд, Худжанд	Курган-Тюбе, Курган-Тюбе
Төменгі Пяндж, Кумсангир	Турсунзаде, Турсунзаде
Вахдат, Вахдат	
Тайланд	
Латкрабанг ішкі кедендік қоймасы, Бангкок	[Чианконг, Чианграй]
[Ната, Нонгкай]	
Түркия	
Гелемен, Самсун	Казан, Анкара
[Богазкопру, Кайсери]	[Бозуюк, Биледжик]
[Гоккой, Баликесир]	[Хабур]
[Халкалы, Ыстамбұл]	[Хасанбей, Эскисехир]
[Каклик, Дензили]	[Карс]

[Каячик, Конья]	[Косекой, Измит]
[Мардин]	[Паландокен, Эрзурум]
[Сивас]	[Туркоглу, Кахраманмарас]
[Усак]	[Енис, Мерсин]
[Есилбаир, Ыстамбұл]	
Вьетнам	
Лаокай ішкі контейнерлік қоймасы, Лаокай провинциясы	Сонгтан ішкі контейнерлік қоймасы, Бинь Дуонг провинциясы
Ганкан-Лонбин ішкі контейнерлік қоймасы, Донгнай провинциясы	Тиенсон ішкі контейнерлік қоймасы, Бакнин провинциясы
[Ханой]	[Гиалай ішкі контейнерлік қоймасы, Гиалай провинциясы]
[Винх Пхук ішкі контейнерлік қоймасы, Винх Пхук провинциясы]	[Лангсон]

II қосымша

«Құрғақ порттарды» дамыту мен пайдаланудың басты қағидаттары

1. Жалпы бөлім

Келісімге I қосымшада аталған «Құрғақ порттарды» дамыту және пайдалану төменде жазылған қағидаттарға сәйкес реттеледі. Тараптар «Құрғақ порттарды» салу, жаңғырту және пайдалану кезінде бұл қағидаттарды сақтау үшін мүмкіндігінше барлық күш-жігерін жұмсайды.

2. Функциялар

«Құрғақ порттардың» негізгі функциялары халықаралық сауда процесінде тасымалданатын жүктерді өңдеу, сақтау және заңда көзделетін қарап тексеруді және қолданылатын кедендік бақылау мен формальдылықтарды жасауды қамтиды. «Құрғақ порттардың» қосымша функциялары мынадай:

- a) қабылдау және жөнелту;
- b) жинақтау және бөлу;
- c) қоймаға жинау;
- d) ауыстырып тиеу функцияларын қамтуы мүмкін, бірақ бұлармен шектелмейді.

3. Институционалдық, әкімшілік және нормативтік-құқықтық тетіктер

Тараптар заңмен көзделген тексеріп қарау және мүдделі Тараптың ұлттық заңдары мен нормативтеріне сәйкес қолданылатын кедендік бақылау мен формальдылықтарды жасау тәртібін қоса алғанда, «Құрғақ порттардың» дамуы мен үздіксіз жұмыс істеуіне қолайлы институционалдық, әкімшілік және нормативтік құқықтық тетіктер жасайды.

Келісімге I қосымшада аталған «Құрғақ порттар» көліктік және кедендік құжаттамаларда жөнелту немесе межелі пункттер ретінде белгіленуі мүмкін. Тараптар «Құрғақ порттарды» ресми тануды қамтамасыз ету мақсатында тиісті көліктік қызметтермен, халықаралық ұйымдармен және мекемелермен өзара іс-қимыл жасайды. «Құрғақ порттарға» меншік мемлекеттік, жеке немесе мемлекеттік-жекеше әріптестік шартында болуы мүмкін.

4. Құрылымы, құрастырылуы және өткізу қабілеті

«Құрғақ порттардың» өткізу қабілеті мен құрастырылуы «Құрғақ порттар» шегінде және олар арқылы контейнерлердің, жүктердің және көлік құралдарының қауіпсіз және кедергісіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы және қажет болған жағдайда қызмет көрсетілетін көлік түрлерін және контейнерлер мен жүктердің келешектегі көлемін ескере отырып, өткізу қабілетін ұлғайтудың мүмкіндігін көздеуі тиіс.

5. Инфрақұрылым, жабдық және қуат

«Құрғақ порттардың» Тараптардың қалауымен олардың ұлттық заңдарына, қағидаларына және практикасына сәйкес қолданыстағы және келешектегі тасымалдау көлемімен мөлшерлес инфрақұрылымы, жабдығы және жұмыс күші болады. Бұл ереже ұсынымдық сипатқа ие және төменде көрсетілгендерге міндетті болып табылмайды:

- a) кіруге және шығуға арналған қақпалары бар күзетілетін аймақ;
- b) импорт, экспорт, жүкті ауыстырып тиеу және тез бүлінетін тауарлар, құнды жүктер мен қауіпті заттарды қоса алғанда, қауіпті жүктер үшін бөлінген ашық және ж а б ы қ қ о й м а а л а ң д а р ы ;
- c) қоймалық сақтаудың кедендік бондтық құралдарын қамтуы мүмкін қоймалық с а қ т а у қ ұ р а л д а р ы ;
- d) кедендік қадағалау, бақылау инспекциялары және қойма құрылысына арналған қ ұ р а л д а р ж ә н е ж а б д ы қ ;
- e) жүктер мен контейнерлерді өңдеу үшін тиісті жабдық;
- f) операциялық және қоймалық аймақта пайдалану үшін ішкі қосалқы жолдар және ж о л ж а б ы н д а р ы ;
- g) жүк көлік құралдары үшін жеткілікті тұрақ орындары бар көлік құралдарын орналастыруға арналған алаңдар ;
- h) кедендік қызметтер, жүк экспедиторлары, жүк жөнелтушілер, кедендік брокерлер , банктер және басқа да тиісті агенттіктерге арналған әкімшілік ғимараттар;
- i) деректермен электрондық алмасу жүйесін, сканерлерді және көлік құралдарын

өлшеуге арналған жабдықты қамтитын ақпараттық және коммуникациялық жүйелер;
j) орналасу ыңғайына қарай контейнерлер, көлік құралдары мен жабдыққа арналған жөндеу шеберханалары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК